

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



**ATYRAU OIL AND
GAS UNIVERSITY**

**«САФИ ӨТЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ
АТЫРАУ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«БЕКІТЕМІН»
Емтихан
комиссиясының төрағасы
«16» тамыз 2022 жыл**

**5B072 «Өндірістік және өңдеу салалары» даярлау бағыты бойынша
«Қолданбалы бакалавриат (қысқа цикл)» бағдарламасына
ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Атырау, 2022 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. 5B072 «Өндірістік және өңдеу салалары» даярлау бағыты бойынша «Қолданбалы бакалавриат (қысқа цикл)» бағдарламасына түсу емтиханының бағдарламасы (бұдан әрі – Қолданбалы бакалавриат) білікті кадрларды жедел даярлауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 104-тармағына сәйкес әзірленген «Жоғары білім деңгейінде қолданбалы бакалавриатты (қысқа цикл) пилоттық режимде енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 28 шілдедегі №14 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.2. Қолданбалы бакалавриат бағдарламасы бойынша түсу емтиханы 2 блоктан тұрады:

Блок	Формат проведения	Балл/оценка
Жазбаша	Оқуға дайындықты анықтауға арналған тест	10
Ауызша	Әңгімелесу	Сәтті өтті

1.3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 60 минут, оның барысында оқуға түсуші оқуға дайындығын анықтау тестінен және әңгімелесуден өтеді. Түсу емтиханы Атырау қаласы, М. Баймұханов көшесі, 45А мекенжайы бойынша «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ Н.Ө. Балғымбаев атындағы Коммуникацияларды дамыту орталығының базасында өтеді.

1.4. Қолданбалы бакалавриат даярлау бағыты бойынша түсу емтиханын өткізу кестесі:

Даярлау бағытының атауы	БББ атауы	Күні	Уақыты	Аудитория
5B072 Өндірістік және өңдеу салалары	5B07201 Мұнай-газ технологиялары	17-25 тамыз аралығында	9.00	Н. Балғымбаев атындағы ҚДО, 3-қабат, №4 каб.
			10.00	
			11.00	
			15.00	
			16.00	
17.00				

2. Түсу емтиханын өткізу тәртібі


2.1. 5B072 «Өндірістік және өңдеу салалары» даярлау бағыты бойынша «Қолданбалы бакалавриат (қысқа цикл)» бағдарламасына түсушілер оқуға дайындығын анықтау тестінен өтеді. Бұл тест сыни ойлауды және қарапайым математиканың қалыптасу деңгейін, ақпараттың әртүрлі формаларын түсіндіруді және т.б. анықтайды.

- Бір тапсырманы орындау уақыты: 1-2 минут
- Тестінің бір нұсқасындағы тапсырмалар саны: 10 тапсырма
- Барлық тестіні орындауға арналған жалпы уақыт: 20 минут

2.2. Әңгімелесуді С. Өтебаев атындағы АтМГУ профессор-оқытушылар құрамы, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары және жұмыс берушілер қатарынан құралған емтихан комиссиясы өткізеді.

**5B072 «Өндірістік және өңдеу салалары» даярлау бағыты бойынша
«Қолданбалы бакалавриат (қысқа цикл)» бағдарламасы бойынша оқуға
дайындықты анықтауға арналған тестінің үлгілік тапсырмалары**

1. Бос орынды А-дан Д-ға дейінгі әріптермен белгіленген кескінмен толтырыңыз.



2. Бос орынды А-дан Д-ға дейінгі әріптермен белгіленген кескінмен толтырыңыз.



3. Дұрыс жауапты табыңыз 80%-дан 13%

А	Б	В	Г	Д
94	80	104	56	105

**5B072 «Өндірістік және өңдеу салалары» даярлау бағыты бойынша
«Қолданбалы бакалавриат (қысқа цикл)» бағдарламасы бойынша оқуға
түсушілер үшін әңгімелесу өткізу кезіндегі үлгілік сұрақтардың тізбесі**

1. Өзіңіз және отбасыңыз туралы аздап айтып беріңіз.
2. Оқу орнын таңдау кезінде Сіз үшін ең маңызды болып табылатын бес негізгі критерийді атаңыз.
3. Біздің университет Сізді несімен қызықтырды? Біздің университет туралы не білесіз?
4. Болашақ мамандығыңыз туралы көзқарасыңыз, ойыңыз қандай?
5. Неліктен осы бағдарламаға түсуге шешім қабылдадыңыз?
6. Өзіңіздің күшті және әлсіз жақтарыңызды атаңыз.
7. Зиянды әдеттеріңіз бар ма?
8. Мектепте сабақан тыс басқа немен айналыстыңыз?
9. Өзіңіздің хоббиіңіз, қызығушылықтарыңыз туралы айтып беріңіз. Спортпен шұғылданасыз ба?
10. Сіз біліміңізді жалғастыруды жоспарлап отырсыз ба? 5-10 жылдан кейін өзіңізді кім ретінде елестетесіз?
11. Жақын болашаққа деген мақсатыңыз қандай?
12. Сіз өзіңізді жанжалға бейім адам деп санайсыз ба?
13. Мектептегі сүйікті пәндеріңіз қандай еді?
14. Жақында қандай кітап оқыдыңыз (қай фильмді көрдіңіз, көрмеге бардыңыз және т. б.)?